

Мемлекеттік радиожилік қызметінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 78 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 133-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Мемлекеттік радиожилік қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) құрылсын.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық жасау жөніндегі уәкілетті орган;

2) кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы байланыс саласындағы мемлекеттік монополияға жатқызылған саладағы қызметті жүзеге асыру болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорын жарғысын бекітуге беруді;

2) әділет органдарында кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 353 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 36, 209-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі туралы ережеде:

Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Мемлекеттік радиожилік қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;"

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

